



Ғылым тағам

— рухани-танымдық журнал

Ел басқарған ханымды ұлықтайық!

Әбілқайыр ханның зайыбы, ел басқару ісіне араласқан қайраткер, мәмілегер Бопайдың (Бәтима Сүйіндікқызы) рухын ұлықтап, ендігі ұрпаққа насихаттау мақсатында белсенді топ, ел азаматтары Ресейдің Орынбор жерінен топырағын алып, Атырау облысы Құлсары кентіндегі Бақашы қорымына апарып көмді. Кейін Бопай ханымның өзінің сүйегін елге алып келу, генетикалық сараптама жасату, болашақ ұрпақ тәу етіп баратындай тамаша кесене салу жұмыстарын қолға алуды жоспарлаған. Бопай ханым ғана емес, басқа да ел аузында аңыз болып қалған ұлыларымызды туғандей, соларды насихаттаумен айналысатын үлкен қор құру мақсаттары да бар. Атырау облысы Құлсары кентінде «Бопай ханымның өмір жолы мен қоғамдық саяси қызметіне арналған ғылыми практикалық конференцияда осындай үлкен жоспарлар белгіленді.



Қазір Әбілқайыр ханды біреулер Ресейге сатты деп айыптаса, біреулер бұл тарихи маңызды шешім болды деп мақтайды. Сол сияқты оны жары Бопай ханымның тегі туралы пікірталастар көп. Сол себепті Бопай ханымның шет жерде елеусіз қалған сүйегін елге жеткізіп, жерлемес бұрын, бірінші кезекте шыққан тегін анықтау үшін генетикалық сараптама жасату мәселесі көптің көкейінде жүр. Өйткені, біреулер Бопайды Еділ қалмақтарына қарсы жорықтарда қолбасшылығымен танылған Сүйіндік батырдың қызы десе, Ә.Атышбаевтың «Кіші жүз шежіресінде» (Алматы, 1966 жыл) Адай Табынай батырдың қызы делінген.

Ол қай Сүйіндік? Адайдың Қосай атасынан тарайтын, лақап аты Жаманадай болған Сүйіндік пе, әлде, Тобыш атадан тарайтын Табынай руының Сүйіндік батырының қызы ма? Халық жазушысы Өміш Кекілбайұлы 1984 жылы шыққан «Елең-алаң» романында Қосай Сүйіндік батырдың қызы деп жазғанымен, кейін тәуелсіздік алғаннан кейін Ресей мұрағаттарындағы тарихи құжаттар мен шежірелерді оқуға жол ашылғаннан соң, Бопай ханымның

Табынай Сүйіндіктің қызы екендігі белгілі болды. Дегенмен оны ғылыми тұрғыдан дәлелдеу қажет.

Қазақ елін көп аралаған тілмаш Я.Гуляев Мырзатай батырдың Әбілқайырдың, Бопайдан туған үлкен баласы Нұралыға «дядя» болып келетінін айтыпты. Бопайдың Адай руынан-екенін тарихшы Витебский И. Неплюев пен Орынбор губерниясы атты кітабында ашық жазыпты. Адай шежіресі негізінде дүниеге келген дарынды ақын Светқали Нұржановтың «Хан кегі» атты поэмасында Бопай шыққан әулеттің адамдары түгелдей аттары аталып, түстеліп жазылған. Бұл дастанды оқыған адам Бопайдың Табынай Сүйіндік батырдың қызы болғандығына шек келтірмейді.

БОПАЙ — БАРА БӘЙБІШЕ

Бопай ханымның XVIII ғасырдағы атқарған қоғамдық саяси қызметі мен рөлі туралы баяндама жасаған саяси ғылымдар докторы, профессор Киікбай Жаулин «Бопай — Әбілқайырдың сүйіп алған жары, ол төмен етектегі әйел болған жоқ, төрде отырып, билік айтқан әйел» деп атап өтті.

Халық аузындағы аңызға сүйенсек, Әбілқайыр хан Бопай сұлуды бір

көргеннен ғашық болады. «Қайтсем де Бопай сұлуды алмай тынбаймын» деп Әбілқайыр өзінің кім екенін жасырып, Бопайдың әкесінің малын бағуға жалданады. Екі жас табысады. Бопай сұлудың әкесі жалғыз атты кедей жігітке қызын бергісі келмей, түрлі айла-шарғы ойлап табады. Соның бірі ретінде «қалың-малға ала аяқты 90 күрән ат және 60 боз ат әкелесің» деп шарт қояды. Бопай сұлудың әкесі «кедей жігіт бұл шартымды орындай алмас» деп үміттенген еді. Бір түстен сонша атты жинау қиын ғой. Қатты қиналады. Сол кезде арғынның батыры Жәнібек тархан көмекке келіп, керекті 150 айғырды өз жылқысынан шығарып беріпті. Өзі, Бопай сұлудың әкесіне барып, қазақтың едет-ғұрпы бойынша құда түседі. Бір аңызда ағасы Мырзатай ауыл шетінде жараланып, ес-түссіз жатқан аңшы жігітті алып келіп, қарындасына емдетеді. Сырқатынан айығып, айғынан тік тұрып кеткен батыр бірнеше жылдан кейін арнайы келіп, өзін ажалдан аман алып қалған қасиетті қызға құда түстіріп, үйленеді дейді.

Бірінші әйелі өлген соң, барған Бопай осылайша бара бәйбіше атанған екен. Қарадан шығып, ханым болған Бопайдың (Бәтима Сүйіндікқызы) ел басқару ісіне араласқан қайрат-

кер болғандығына дәлелдер Ресей мұрағаттарында жеткілікті. Түп дерек құжаттар Орынбор мемлекеттік орталық мұрағатындағы №1 Орынбор экспедициясы, №3 Орынбор комиссиясы, №6 Орынбор генерал губернаторының кеңсесі, Москвадағы Ресей империясы сыртқы істер мұрағатындағы №122 қырғыз-қайсақ істері қорынан табылды. Осы және тағы басқа көптеген мұрағаттардағы материалдарды зерттеген тарих ғылымдарының докторы, Х.Досмұхамбетов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры Әбілсейіт Мұқтаров Бопай есімінің 1731 жылдан бастап тарихи құжаттарда кездесетінін атап өтті. Бұл кезеңде Бопай Әбілқайыр ханның барлық саяси қадамдарын қолдауымен көзге түседі.

БОПАЙ — ҚАЙРАТКЕР

1736 жылы 24 маусымда ханымның кешкі қабылдауында болған ағылшын суретшісі Джон Кэстль: «ханым сол жағында төртқұл қызыл шымылдықтын шінде 3 әйелі отырды. Ал ең жасы, үлкен бәйбішесі төрде отырды. Бопайдың үстіндегі киімі қызыл жібектен, басында алтын жіппен өрнектеліп тастаған биік бас киімі түріктің сөлдесіне ұқсайды. Қалған 2 әйелі Бұхардың қызыл барқытына оранған. Әрқайсысы басына ақ орамал таққан» дей келе Бопайдың өзгелерден ерекшелігін айтып, оның еуропалық салт-дәстүрлерді сол кездің өзінде білуге құмартаңқын жазып қалдырады. 1740 жылы қазан айында Сырдариядағы кіші Қуандария ханындағы Адам ата өзені бойындағы хан тұрағына келіп, ханыммен кездескен поручик ханымның Ресей патшасын жай-күйін артыруға ұмтылғанын, қазақ-орыс қарым-қатынасындағы игілікті іс-

терді сөз қылғанын баяндайды.

Кейін прапорщик Муравин: «менімен нағыз ханым Бопай сөйлесті» дей келе, оның Елек өзені бойында қорған салу хан жоспарымен бөліскенін, сол мақсатта Орынбор комиссиясы басшысымен кездесуді жоспарлағанын баяндайды. Бопай Әбілқайыр үшін қиын қыстау жылдары: Ресейдің отарлау саясаты, оның жиі қалмақтармен орыс қазақтарын айдап салуы, Иранның елдің оңтүстіктегі көршілесі хандықтарды жаулауы және қазақпен бірге Хиуаға таласты қыздыруы, оған қоса жоңғар шабуылының күшейген тұсында бір адым кері шегінген емес. Небір сын сағаттарда ханды қолдап отырған.

Ел тарихында болған кіші, орта жүзден 500 белгілі сұлтан, би-батыр, старшын бас қосқан 1748 жылғы маусымдағы далалық халық кеңесте елдің болашақ дамуын талқыға салған хан: «қазақ-орыс қарым-қатынасындағы бет бұрысты қадамдарым өзім үшін емес, бүкіл елдің тыныш өмірін қамтамасыз ету мақсатында жасалды» дей келе, ханды мойындамай бет-бетіне жайылған қазақтарды сынға алады. Одан кейін сөз алған Бопай ханым:

«Біріншіден, елде тыныштық орнады. Екіншіден енді сыртқы жау бізге қарсы шабуылдай алмайды. Біз ұлымызды Ресейге аманатқа жібердік, енді оны аламастыру қажет. Аң екең аң да баласын аялайды. Бізде балаларымызды қимаймыз. Бірақ Әбілқайыр хан баласын аманатқа өзіне сенбей беріп отырған жоқ, өзгелердің қырғыз-қайсақ халықтарының тұрақсыздығынан беріп отыр» — деп аяқтағанда: «елдің ақсақалдары, қазақ старшындары сөз қайтара алмағандығы сол құжаттарда баяндалады. Бопай күйеуі Әбілқайырдың түпкі мақ-

саты Жайық казактарының, орыс бодандығындағы башқұрттар мен Еділ қалмақтарының шапқыншылықтарын тоқтату, жоңғарларды түпкілікті талқандау екендігін және бұл күрделі мәселелерді уақытша болса да, Ресей империясына бодан болу арқылы шешуге тырысқандығын терең ұғынған.

Бопай дүрбелеңі көп, жаугершілік, тыныштығы жоқ кезде өмір сүрді. Ханымдығынан бұрын батырлығы ерен ана болды. Ресей императорының қолында аманатта болған Ералы, Әділді 6-7 жыл қатарынан көрмесе де, сағынышын ішіне сақтап, сыр бермегенін ағылшын суретшісі Джон Кэстль өзінің кітабында көрсеткен. Ералының «Суретін салып алып келгенде Бопай ханым ұзақ қарап, көзіне жас алды, ризашылықтың белгісі ретінде, маған шымылдықтың астынан қымыз ұсынды». — дейді. Өзі етене білмейтін шет мемлекетке елі үшін аманатқа берген баласын сағынып сарғаю ана үшін үлкен қайғы, қасірет. Сол жағдайда өйтпеске болмайтынын түсінді. Жау жағадан алып жатқан кезде елге тәнген ауыртпалықты көтере білді. Бопай ханымның мемлекеттік деңгейдегі қайраткерлігі хан өлгеннен кейін тіпті күшейеді.

Күйеуінің қазасынан кейін де Бопай хан ұстанған бағытынан таймайды. Әбілқайыр саясатының өз жалғасын табуы баласы Нұралының әке орнын басуына байланысты екендігін терең ұғынған Бопай ханым батыл ері ойлап-пішілген қадамдар жасайды. Орта жүз бен Кіші жүздің беделді билері мен батырларының Нұралының хан көтеруге келісімін алғаннан кейін ғана, Бопай патшайым Елизавета Петровнаға, келесі күні бригадалық генерал А.



36 И. Тевкелев пен Орынбор губернаторы И. Неплюевке қисынды өтініштер, хаттар жолдайды. Осы хаттарды жеткізу үшін аталмыш екі жүздің 8 бөделді биі Орынборға, одан кейін Санкт-Петербургке аттанады. Нұралыны «қырғыз-қайсақ ханы» етіп бекіту туралы Елизавета Петровнаңың 1749 жылғы 2 мамырдағы жарлығы, онда Бопай ханымның хатына да сілтеме жасалды, канцлер А. П. Вестушев-Рюминнің Бопайға арнайы хат жазып, патшайым атынан сыйлық жолдауды — ханым саясатының жеңісі еді.

Оның неге Бопай деп аталғаны туралы нақты дерек жоқ. Халқымыз ұл-қыздарын жанама есіммен еркелететін бар ғой. Сондай еркелеткен атауы ел аузында қалып қойған болуы мүмкін. Тарихшылар зерттеулерінде анық дәлелденгені Әбілқайырдың Бопайдан 5 ұл сүйген — Нұралы, Ералы, Айшуақ, Қожахмет, Әділ. Және оның үшеуі хан болған.

БОПАЙ — БАТЫР

Бопай Кеңесарының барлық ірі шайқастарына қатысты және өзі де жау тылына партизандық жорық жасайтын. Бопай Кеңесарының барлық кеңестеріне қатысып отырған, ал Кеңесары Бопайдан ақыл-кеңестеріне құлақ асқан.

Бопайдың ұлы — Нұрхан да көтерілістің белсенді қатысушысы болды. Патша отрядтарымен болған бір шайқаста ол тұтқындалады. Оның ержүректігі туралы жүзбасы Лебедев былай деп жазды: «Бізге көзге түскендер — Кеңесарының туған жеңі, оның қарындасы Бопайдың баласы, сұлтан Төрехан (Нұрхан — Е.Б.) Сәмекин, Тұңғатар болысының құрметті биі — Инемнің шәкірті Айдарбек Қуандықов және Кеңесарының төлегігі — Сәрсенбай бар, олардың алғашқысы жанұшыра қарсылық көрсетуі нәтижесінде қатты жараланған».

Бопайдың сұлулығы мен ақылдылығы ерекше болған. Ағылшын суретшісі Джон Кэстль 1736 жылы хан ордасында болып, сол кезде Бопайдың 40-тың ортасынан асқан шағын аса қызығушылықпен өдемі суреттеген.



Бопай зекет жинайтын және көтеріліске қосылмаған сұлтандардың мүлкі мен азық-түлігін тартып алатын 600 адамдық ерекше топты басқарды.

Бопайдың Арғын руына зекет жинауға келгені туралы жансыз Самрат Мамаев былай деп хабарлайды: «Кеңесары төлегіттерімен бірге Кеңесары ісіне қатысуымен қырға кең танылған, оның қарындасы Бопай да келді».

Хан Кеңенің жасыл туының астында ұлт қаһармандары Шубырталы Ағыбай, Алтай, Төлебай, Вестанбалы Бұхарбай, Қыпшақ Иман мен Басығара, Дулаттан шыққан Сұрашлы, Жәуке, Байсейіт, Бағаналы Құдаймөңді, Табын Бұхарбай мен Жоламан, Тама Танащ, Шәкір, Толыбай, Бұғыбай, Тоғанас, Тобылды, Таймас, Жоламан, Әнеке, даңқты Наурызбайлардың қатарында Бопай ханым 1838 жылы Батыс-Сібір губернаторлығына қарасты Солтүстік-батыс өңіріне өтіп, нәтижелі жорықтар жасағанды.

Әбілқайыр ханның қалмақ, башқұрт, басқа өйелдерінің аты тарихта аталамайды. Демек хан шаңырағындағы бөйбіше Бопайдың абырой-бөделі, ықпалы, танымдылығы басқа өйелдерінен артық болған деген сөз. Бопай Әбілқайыр өулетінің дәрежесі мен беделін көтеруге ұмтыла отырып, орынсыз қантөгістің болмауын, ел іргесінің сөгілмеуін қалады. Сол үшін де ол күйеуінің кегін алуға «аттандатпай», Барақ сұлтанды жазалауды орыс өкімшілігі арқылы заңдастырып алуға

тырысты. Қоғам дамуының негізгі көзі тыныштық өмір екендігін, тірлігін ат үстінде өткізген халықтың болашағы бұлдырлығын ұғынған ханым орыс өкімшілігін Елек өзені бойында қала салдыруға да үгіттейді. Қазақ-жонғар қатынастарына тигізген әсері, Қайып хан мен Нұралы ханды бітістіруге бағытталған әрекеттері Бопайдың ел бірлігін қамтамасыз етуге тырысқан мәмілегерлік ниетін аңғартады. Бопай орыс-қазақ қатынастарындағы және сол кездегі қазақ қоғамындағы шешімін таппай жүрген кейбір мәселелерді талқылау үшін Орынбор өкімшілігінің басшыларымен кездесіп, келіссөз жүргізгісі келеді. 1740 ж. Санкт-Петербургке ресми сапармен барып, Анна Иоановнаға жолығу ниеті де болған. Бопайдың зеректігі мен тапқырлығы жөнінде ағылшын суретшісі Дж. Кэстльдің, Әбілқайыр ордасында болған орыс шенеуніктерінің жазбаларында біршама деректер келтіріледі. Тарихи құжаттармен жақсы таныс А.И. Левшин 19 ғасырдың 30-жылдарында: «Бопай... өзінің ақылдылығы арқасында бүкіл Кіші жүздің күрметіне бөленді және кейде оны басқаруға үлкен ықпал етті» деп жазды.

Бопай алғыр, сауатты болған. Ресей үкіметінің жоғарғы лауазымды адамдармен (40 шақты) хат алысып және жеке мөр ұстаған. 1751 жылы 8 шілдеде Бопай Орынборға келіп, 7 тамызға дейін болып, Губернатордың қабылдауына кіреді. Облыстық музей қорында қазақ халқының Ре-

сейге қарағанынан былайғы уақыттағы тарихына қатысты деректердің деңгейі орыс тарихшыларының, әскери адамдарының еңбектерінде екені белгілі. Көптеген материалдар ішінде Әбілқайыр ханмен бірге Бопай ханымның да аты жазылған. Әбілқайырдың 1748 жылғы 26 августте Орынбор генерал губернаторына жазған өсиет хатының көшірмесінде артында қалған халқыменен қоса, Бопай ханшаның атың ерекше атап, оның іс-әрекеттері қолдауға тұрарлық деп атайды. Ел басына күн туған дәуірде ханның кеңесшісі болып тұрмыс жағдайына да, мемлекеттік істерінің орындалу барысына да батыл кірісіп отырған қазақ ханымдарын насихаттау қажет. Тарихымызды өзіміз түгендемесек кім түгендейді? Рухы жоғары, тарихи тұлғаларымызды өзіміз ұлықтамасақ кім ұлықтайды.

Бопай ханшайым 1780 жылы 31 майда қайтыс болып, күйеуінен кейін 32 жыл ғұмыр кешеді. Жосалы жерінің Елекке қараған маңындағы жерге Бопай ханшайымның сүйегі қойылады. Бопай ханымның жерленген жері жайлы «Үш таған» журналының 2016 жылғы №4 санында Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің бұрынғы қор жетекшісі Зада Мұхашеваның «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Орынбор облысына жасаған экспедицияның іссапарынан жинақталған деректері негізінде «Бопай ханым басына белгі қойылса» атты мақаласы жарияланған болатын. Ақтөбеден шыққан экспедиция ханымның жерленген жерін анық білетін Ресейде қазір өмір сүріп жатқан Тілеуғалиев Ұлықтанның көрсетуімен Ақтөбе мен Батыс Қазақстан облыстарымен шектесетін Орынбор облысының Елек ауданындағы Димитров селосы маңындағы бұрын Мешіт аталатын төбе кем дегенде 90 жыл жасаған ханымның мәңгілік дамылдаған бақилық қонысына барып қайтты. Кезінде мұнда төбесінде айшығы бар кесене болған. Орыстар бұл жерді «Мечетка» деп атайды екен. Орыс жазбаларында Бопай 1780 жылы 31 мамырда дүниеден өткені жазылығты. 1930 жылдан бері Бопай сайты деп аталатын жерге жақын тұратын Тілеуғалиев Ұлықтан ағайдың көрсетуімен Орынборды айналып, 1929 жылдан бері әскери полигонға берілген Елек ауданынан 70 шақырым жердегі «Димитров атындағы жылқы зауыты» маңындағы қорымдағы ескі құлпытаса жазулар өшіп қалыпты.

Бопай ханым жерленген орыннан топырағын алып, Атырау облысы Құлсары кентіндегі Бақашы қорымына апарып көмгендер осы жерге ханымның сүйегін әкеліп, қайта жерлеуді қолға алмақшы. Ел

басқарған ханымға лайықты үлкен кесене тұрғызу жоспарда бар.

Бақыт Жаншаева

Кіші жүз Әбілқайыр хан зайыбы Бопай ханымға арнау

Анадан артық туған Бопай ханым, Маралдай қасын керіп, Оттай жалын,

Хан жүрегің жаулаған қан майдансыз Жанары шуақ төгіп атқан таңның.

Қызы еді кіші жүздің Адайыңнан Таймаған бағы артық мандайыңан Дария даналығы, ойы-кеме Асқақ тұрды хан-патшаның талайыңан.

Арандап жау, жүрегі қан жағылған Башқұрт, қалмақ, жонғарлар жан-жағынан

Қазақ елің, жерің сақтау тұр қауіпте Қажалған саң ғасырдың қанжарыңан

Сандуғаш ой шырылдап мұңданады, Қайғылы қара тасты кім бағады?! Ақ семсер ардың жүзі мұхалмасын, Көменгер, ерлік пеней жау жарағы.

Саясат қырағы, сақшы-жебе Көздеген адырнасын мөңіреп атты Мөр деген қылдан таймас куә шеге Мұлт кетсең тағдыр талқан, тарих нақты.

Келісімге дайындап бар құжатты Елизавета патшаға жіберген хаты Күн сәулелі арайлы жарық шуақ Ай нұрының құшағына балқып жатты.

Сұңғыла ақыл, зеректі Бопай ханым Ұлдарына мұра етті ханның тағын Құсаға жемтік жеңсік етпей арын Таймаған сертінен адал жардың

Көменгер ұлы таудай ақыл тапты Жүрегіңде келешектің таңы атты Ел жүгің көтерген қара нарым Бейбіт тілеп шырағын мәңгі жақты

Бопай Апа гаухар тастай бағасы да Адай қызы, кең жазира даласында Айдың шалқар көлінің аққуы боп Тербетеді ел бесігін, Татулықтың жағасында

Маусымжан Диханбаева

Бопайдан тараған қыздар жайлы

Жонғар шапқыншылығын қамақтан басып бірақтар, тойтарып берген, «Абырқай шайқасында» жеңіске жетіп, осылай абырой-тыққа ие болып, ел билестен күйеуінің қолымен қалай қоймай, үлкен басқосуларда ел билейін деп айтқан ел билесті болып, Бопайдан тараған қыздар да осы болған жоқ. Тойтары Нұрғалиханов Орынбор губернаторы арқалы қазақ хандығына байланысты саяси ықпал жүргізе білген. Ол қазір Петербурда да болып, оның сенсациялы үлгілерін тез қайталап, үлестер болған. Ол қазақ тарихында 1806 жылы мемлекет тарапынан алғашқы жерге ие болған қыз. Ол ішкі сарай Тойтары туралы архивтегі деректер Бопай қонымына жетіскен. Бұрын Нұрғалиханова бірге болып атырылып Д.М.Алтынсаринмен де бұрын Батыс Қазақстанда алғашқы мектеп ашқан мұғалім.

Бопайдың шешірі қызы Жақты ханым Премияны өз қолымен ел билестігіне қатысты, Ол бопайдың қызының Қызы жүзіне болса, керісінше бірікті ұстау саясатын қолдау керектеді және бұл да оны бірақтары әрекеттеріне қатысты.

Ал XX ғасырда науқаст құрбаны болып, мүсәй экспедициясында орын алған Шахидан Аринаны да осы Бопайдан тараған ұрпақ. Тек халық жұртына ойсыз болып анықтанып емес, КІБ тәртіпшілері Шахиданы жеті атынан тексеріп, арғы атаң Абылай хан, Бердік Қарағай сұлтан екендігін білді. Ол үш бірақтар жетірі оқу орнынан қуанып, ақыры білмей қайсар қызын атып тастады.